

"Астанақалажобалау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 1493 Қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес және мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Астанақалажобалау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – серіктестік) жарғылық капиталындағы Астана қаласының коммуналдық меншігінде тұрған 100 пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік қатысу үлесі заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншікке қабылдансын.

2 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп, осы қаулының 1-тармағынан туындайтын ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулының 1-тармағында және осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген іс-шаралар аяқталғаннан кейін, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесін «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов